

Үржар ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 27-533/VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365 бабы 3 тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Үржар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Үржар ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар аудандық мәслихатының төрағасы

А. Омаров

Үржар аудандық мәслихатының

2025 жылғы 19 қыркүйектегі

№27-533/VIII шешіміне

қосымша

Үржар ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

№	Атауы	Қосылған құн салығының есебісіз	
		Жайлы және жайлы емес үйлер тұрғындарының ай сайынғы төлейтін абоненттік төлем ақысының мөлшері	Жылдық тарифі
			м 3
1	Жинау және тасымалдау	456,75	3 168,21
2	Сұрыптау	0,00	0,00
3	Көму	0,00	0,00
Барлығы		456,75	3 168,21
	Тұрғындардың жылдық жинақталу нормасы м3	1,73	